

Бородулиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 46-3-VI "2020-2022 жылдарға арналған Бородулиха ауданы Бақы ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 қазандағы № 54-3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 қарашада № 7765 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 2-3-VII шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 19.01.2021 № 2-3-VII шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Бородулиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 46-3-VI "2020-2022 жылдарға арналған Бородулиха ауданы Бақы ауылдық округінің бюджеті туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6609 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 23 қаңтарда, "Пульс района", "Аудан тынысы" аудандық газеттерінде 2020 жылғы 7 ақпанда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Бақы ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1 , 2, 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 24680 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 3412 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3792 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
 трансферттер түсімі – 17476 мың теңге;
 2) шығындар – 24680 мың теңге;
 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге;
 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге;
 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге;
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге.";
 осы шешімнің қосымшасына сәйкес аталған шешімнің 1-қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

У. Эфендиев

Аудандық мәслихат хатшысы

У. Майжанов

Бородулиха

аудандық мәслихатының

2020 жылғы 23 қазаны

№ 54-3-VI шешіміне қосымша

2020 жылға арналған Бақы ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сома (мың теңге)
Сыныбы			
	Ішкі сыныбы		
	Кірістер атауы		
		I. КІРІСТЕР	24680
1		Салықтық түсімдер	3412
	01	Табыс салығы	446
	2	Жеке табыс салығы	446
	04	Меншікке салынатын салықтар	2966
	1	Мүлікке салынатын салықтар	16
	3	Жер салығы	118
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	2832
2		Салықтық емес түсімдер	3792
	06	Басқа салықтық емес түсімдер	3792
	1	Басқа салықтық емес түсімдер	3792
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	17476
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	17476
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	17476

Функционалдық топ			
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		

		Бағдарлама	Сома (мың теңге)
		Атауы	
		II. ШЫҒЫНДАР	24680
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15248
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілетті, атқарушы және басқа органдар	15248
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15248
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15248
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	879
	9	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	879
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	879
	026	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету	879
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4242
	3	Елді-мекендерді көркейту	4242
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4242
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	650
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3092
12		Көлік және коммуникация	3311
	1	Автомобиль көлігі	3311
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3311
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3311
15		Трансферттер	1000
	1	Трансферттер	1000
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1000
	151	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1000
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		V. Бюджет тапшылығы (профицит)	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0